

Х. Әлімжан атындағы №85 орта білім беретін мектебі

**«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру;
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығындағы өзгерістерді таныстыру, талдау;**

Қаралатын орны: Әдістемелік кеңес

Мерзімі: 28.08.2023ж.

Баяндаушы: А.К. Абатова

2023 жылдың 28 тамызында Х. Әлімжан атындағы №85 ЖОББМ-нің педагогикалық ұжымын «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығындағы өзгерістерді талдау жасалды. Сонымен бірге әдістемелік нұсқау хатта Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарында 2023-2024 оқу жылындағы білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген. Әдістемелік нұсқау хат орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына көмек.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы осы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнаманы ұстануға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әзірленді. Әдістемелік нұсқау хат келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды:

-2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға сілтемелер;

-құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік, STEAM/ STEAM педагогикалық тәсілдерді іске асыру бойынша ұсыныстар;

-пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты (оқу және жазу сауаттылығы, математикалық, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы) қалыптастыру бойынша ұсыныстар;

- пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді; цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар.

Талдау барысында мына пәндер бойынша өзгерістер енгізілді:

" Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 - сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. "

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Әліппе" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

- 2) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);
- 3) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Орыс тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);
- 4) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);
- 5) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған "Ағылшын тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;
- 6) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Математика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;
- 7) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;
- 8) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік "Абай мектептерінің" 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде); бұйрыққа 38-қосымшаға «Орыс тілі», бұйрыққа 40-қосымшаға "Ағылшын тілі"; жаратылыстану бағытындағы сабақтарда бағдарламасы;
- 9) 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.
- 10) Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту. " Білім беру ұйымдарында тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу. " Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегі шахмат секцияларының желісін кеңейту. "

Білім алушылардың бойына тек білім ғана емес, сонымен қатар ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру қажеттілігін мақсаттарға енгізу. Қолданыстағы НҚА-дағы өзгерістер мен толықтырулар Әділет ақпараттық жүйесінде көрініс табады. Сонымен бірге МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламалары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (www.uba.edu.kz) сайтында орналастырылған.

Әдістемелік нұсқау хаттың мақсаты - еліміздің білім беру ұйымдарына әдіснамалық және оқу-әдістемелік қолдау көрсету. Әрбір білім беру ұйымының міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2023-2024 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.
- ✓ Сабақтарға қатысу мақсаттары білім беру ұйымының мақсаттарына, міндеттеріне және ерекшеліктеріне байланысты анықталады.
- ✓ Мектепішілік бақылаудың мақсаттарына байланысты сабақты бақылау парағы әзірленеді.
- ✓ Мұғалім қысқа мерзімді жоспарды электронды форматта ұсына алады.

Сабақты бақылау, зерттеу мен талдау оқыту процесін жақсартудың, педагогтің кәсіби өсуі мен дамуының, білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып табылады. Сабақтарды бақылау нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талқылануы тиіс. Талқылаудың нәтижесінде төмендегі өзгерістер енгізілсін.

Ұсыныстар:

- №399 бұйрығындағы өзгерістерді негізге алып, әр әдістеме мұғалімдері нұсқау хат құрып, сабақ жоспарына енгізу қажет.
- Тілдік пәндер бойынша БЖБ жүргізу үшін ағымдағы бақылауды өткізу кезінде оқу сауаттылығын дамыту мақсатында жылына кемінде 2 рет эссе, шығарма; жылына кемінде 4 рет диктант, мазмұндама жазу ұсынылады
- Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін оқытуда STEM-тәсілін іске асыру бойынша практикалық тапсырмалар мен жобаларды қолдану, әртүрлі ғылыми салаларды білуді қажет ететін тапсырмаларды енгізу. Бұл білім алушыларға білімді іс жүзінде қолдануға және нақты мәселелерді шешу дағдыларын негізге алу;
- мультимедиялық технологияларды, интерактивті тақтаны, компьютерлік бағдарламаларды, модельдеуді және т. б. сабақтарды білім алушылар үшін қызықты әрі тиімді ету үшін пайдалану;
- ғылыми әдістерді қолдануға, гипотезаларды тұжырымдауға, эксперименттер жүргізуге және деректерді талдау және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- инженерия мен дизайнда технологияны қолдану дағдыларын енгізу;
- шығармашылық пен инновацияны дамыту әдістерін қолдану.
- Әр пәнде сауаттылықтың барлық түрлерін кешенді дамыту үшін оқытудың келесі белсенді әдістері қолдану: 1) тақырыптық жобалар: әртүрлі пәндердің элементтерін біріктіреді. Мысалы, экология жобасы ғылыми мақалаларды оқуды, эксперименттер жүргізуді, статистикалық деректерді талдауды және компьютерлік құралдарды қолдана отырып презентация жасауды.
- 2) интерактивті тапсырмалар: мәтінді талдауды, математикалық есептеулер және компьютерлік дағдыларды қолдануды қажет ететін тапсырмалар. Мысалы, білім алушылар ғылыми мақалаларды зерттей алады, негізгі ақпаратты бөліп көрсетеді, деректерді график түрінде ұсынады және олардың нәтижелерін компьютерлік презентацияларды қолдану. 3) қызығушылықтарына қарай зерттеулер мен жобалар: білім алушыларды қызықтыратын тақырыптарды зерттеуде оларға қолдау көрсету. Мысалы, егер білім алушы ғарышқа қызығушылық танытса, ол осы тақырыпта ғылыми мақалаларды

оқып, арнайы математикалық есептеулерді шығарып, компьютерлік модельдер жасай алады және зерттеген тақырыбы бойынша презентациялар жасау. 4) проблемаға бағытталған тәсіл: шынайы проблеманы шешу тұрғысынан оқытуда қолдануға болады. Жауапты іздеу үшін білім мен дағдылардың әр түрін талап ететін сұрақтарды пайдалану. 5) топтық жұмыс: топтағы әр білім алушының қызығушылығы мен дағдысына қарай өз үлесін қоса алатындай жұмыс түрлері. Мұндай топтық жобалар білім алушыларға сауаттылықтың әртүрлі аспектілерін біріктіріп, бір уақытта бірнеше пәннің мазмұнын байланыстыру.

- Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін нақты өмірлік жағдаяттармен байланысты әртүрлі процестердің математикалық модельдерін құру дағдыларын дамытуға, логикалық, сыни және кеңістіктік ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмаларды; кесте, диаграмма, график және т.б. түрінде берілген статистикалық мәліметтерді талдау және өңдеуге байланысты практикалық тапсырмаларды қарастырған жөн. Сонымен қатар, мәтінді есептерді шығару, оның ішінде пайызға берілген тапсырмаларды орындау ұсынылады.
- «Цифрлық сауаттылық» пәнін (1 және 2-сыныптар) оқыту электрондық оқулықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.
- PISA-2025 халықаралық зерттеуінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (ЖҒС) бағыты басты назарға алынады.
- Компьютерлік сауаттылық Жаһандық құзыреттілік пен креативті ойлауды дамыту үшін цифрлық технологияларды сауатты пайдалану маңызды.
- Инклюзивті білім беру ортасы барлық балалардың табысты әлеуметтенуі мен жұмысқа орналасуы мақсатында олардың білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауды көздейді.
- 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Төле бидің 360 жылдық, Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық, Музафар Әлімбаевтың 100 жылдық, Халел Досмухамедовтың 140 жылдық, Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық, Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдық, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық, Шәкен Аймановтың 110 жылдық, Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерей тойларына назар аудару қажет.
- 2023 жылғы 8 қыркүйекте Республиканың барлық елді мекендеріндегі жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары ұзақтығы 4-4, 5 минутты құрайтын «ДЕНЕ СЕРГІТУ» челленджіне қатысады. Челлендж Республиканың барлық өңірлерінде Астана уақыты бойынша сағат 12.00-де басталады. Осы іс-шараны өткізу мақсатында «ДЕНЕ СЕРГІТУ» челленджін өткізу тұжырымдамасы, 1-4, 5-9 және 10-11-сыныптарға арналған спорттық жаттығулар кешені әзірлеу
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларының қызметін күшейту, олардың мемлекеттік тілдегі көркем әдебиет қорын айтарлықтай жаңарту міндеті қойылу;

Ұсыныс:

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде жұмыс жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығындағы өзгерістер назарға алынсын. Жауапкершілік пән мұғалімдеріне міндеттелсін.